

Шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Семей қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 4 тамыздағы N 395 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 тамызда N 1366 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009.05.19 N 624 қаулысымен

Семей аймағында кәсіпкерлікті одан әрі дамыту және қолдау, сауда саясатын жүзеге асыру мақсатында және Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің 2003 жылғы 2 маусымдағы N 83 "Шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы" қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағы 3, 4 тармақшалары негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже 2-қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

3. Комиссияның дербес құрамы қалалық мәслихаттың бекітуіне енгізілсін.

4. Қала әкімінің 2000 жылғы 27 сәуірдегі N 231 "Қала әкімі жанындағы Шағын, орта бизнесті дамытудың қоғамдық-сараптау Кеңесі туралы" шешімінің күші жойылған деп танылсын.

5. Әкімдіктің осы қаулысының атқарылуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Е. Бектұровқа жүктелсін.

6. Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Семей қаласының әкімі

Қ а л а

2 0 0 3

N 395 қаулысына N 1-қосымша

ж ы л ғ ы

0 4

ә к і м д і г і н і н

т а м ы з д а ғ ы

Семей қаласы әкімдігі жанындағы шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ:

Бектұров Аманкелді Елубайұлы	қала әкімінің орынбасары, төраға
Шакеев Тұрсынғали Шакейұлы	шағын, орта бизнес және сауда комитетінің бастығы, төрағаның орынбасары
Ахметов Жәнібек Мұқанұлы	шағын, орта бизнес және сауда комитетінің білім бастығы
Бұтабаев Арқалық Базарұлы	"Әділет" Семей аймағы шағын, орта бизнес кәсіпкерлері қоғамдық бірлестігінің директоры (келісімі бойынша)
Доғалақов Амантай Айтмұрзаұлы	ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы
Қыдырбаев Мейрамхан Иманбазарұлы	Семей қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы (келісімі бойынша)
Мусина Раушан Рысханқызы	Семей аймағындағы БҰҰДБ бағдарламасының басшысы (келісімі бойынша)
Молотков Николай Александрович	қала әкімі жанындағы Семей аймағы кәсіпкерлер Одағының тең төрағасы (келісімі бойынша)
Сұлтанов Нұрлан Кәрібайұлы	өнеркәсіп, көлік және байланыс комитетінің бастығы
Тортаев Аманжол Қабдысламұлы	- шағын, орта бизнес және сауда комитеті бастығының орынбасары

Қ а л а

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

0 4

ә к і м д і г і н і н

т а м ы з д а ғ ы

№ 395 қаулысына № 2-қосымша

Семей қаласы әкімдігі жанындағы шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі Комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қала әкімдігі жанындағы шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультативтік-кеңесші орган болып табылады және шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту және қолдау тұжырымдамасын іске асыру, Қазақстан Республикасында сауда саясатын жүзеге асыру мақсатында құрылды.

2. Комиссия Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің 2003 жылғы 2

маусымдағы N 83 "Шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі Комиссияны құру туралы" қаулысы негізінде құрылды.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

2) салық ауыртпалығын төмендету мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар әзірлеу;

3) меншік пен активтерді заңдастыру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

4) несие ресурстарына қол жетуін жеңілдету жөніндегі іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

5) әкімшілік ресімдер мен рұқсаттарды оңайлату мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;

6) ауылда шағын және орта бизнесті, сауда және қызмет көрсетуді дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

7) шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар үшін ұсынымдар әзірлеу;

8) кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының сындарлы бастамаларын қолдау, әр кәсіпкердің экономикалық дамыған мемлекетті құру және азаматтардың әл-ауқатын жоғарылату жөніндегі белсенді өмірлік ұстамын насихаттау;

9) жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік қызмет мәселелері жөніндегі қаулылары мен өзге нормативтік құқықтық кесімдерінің жобаларын бастамашылықпен әзірлеу;

10) шағын және орта бизнесті, сауда және қызмет көрсетуді қолдау және қорғау жөніндегі мақсатты бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

5. Комиссия функциялары оған жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың қалалық Бағдарламасын әзірлеуге, үйлестіруді қамтамасыз етуге қатысу;

2) көкейкесті әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге қатысып, оларды іске асыруға шағын және орта

бизнес, сауда және қызмет көрсету субъектілерін, олардың бірлестіктерін, одақтары мен қауымдастықтарын тарту;

3) шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларын заңнамада белгіленген тәртіппен бастамашылдықпен әзірлеуді жүзеге асыру;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен шағын және орта бизнес, сауда және қызмет көрсету өкілдерін жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері жобаларын дайындауға, шағын және орта кәсіпорындарға, кәсіпкерлер одақтарына, бірлестіктеріне, қауымдастықтарына ұйымдық, қаржылық, материалдық-техникалық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге тарту;

5) жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу кезінде кәсіпкерлер пікірлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ескеру;

6) шағын және орта бизнестің салалық, кәсіптік және аумақтық одақтарымен, қауымдастықтарымен және бірлестіктерімен, басқа да кәсіпкерлік құрылымдармен өзара іс-қимыл;

7) үйлескен шешімдерді әзірлеу және шағын және орта бизнес, сауда және қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін шағын және орта бизнесті қолдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен тұрақты өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

8) тиісті мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының өкілдерінің, сондай-ақ кәсіпкерлердің өздерінің қатысуымен тақырыптық мәжілістер өткізу;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен кәсіпкерлердің мүдделерін білдіру және заңды құқықтарын қорғау;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен Комиссиядағы жұмысқа ғалымдар, беделді кәсіпкерлер, басқару органдарының өкілдері және басқа мамандар арасынан сарапшылар мен консультанттарды тарту;

11) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан қажетті ақпараттық, талдау, анықтамалық-статистикалық материалдарды, сондай-ақ ведомстволық нормативтік актілерді алу болып табылады.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны төраға-қала әкімінің орынбасары басқарады.

7. Комиссияның жұмыс органы функциялары шағын, орта бизнес және сауда комитетіне жүктеледі.

8. Комиссияның жұмыс органы:

- 1) Комиссия мәжілісінің күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Комиссия мүшелерінің және оған тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

9. Комиссия мәжілістерінде қарауға арналған мәселелер тізбесі қажеттілігіне қарай жасалады және оны төраға бекітеді.

10. Бекітілген тізбе тізім бойынша Комиссия мүшелеріне жолданады.

11. Комиссия мәжілістерінің нәтижелері бойынша хаттама жасалып, оған төраға қол қояды. Комиссия шешімдері жай көпшілік дауыспен, ашық дауыс беру жолымен қабылданады және Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусы болған жағдайда қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төраға жақпен дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

12. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

13. Комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол қарсы болған жағдайда жазбаша түрде баяндалуы және Комиссия мәжілісінің хаттамасына қоса берілуі қажет.

14. Комиссия мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен сиретпей шақырылады және оны төраға шақырады. Шешімдерді дереу қабылдау қажет болған жағдайларда төрағаның шақыруы бойынша Комиссияның кезектен тыс мәжілісі өткізілуі мүмкін.

15. Комиссия мәжілістеріне төрағаның шақыруы бойынша сондай-ақ өтініштері қаралатын мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары және басқа лауазымды адамдары, кәсіпкерлер мен олардың қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатыса алады.

*Қала әкімі аппаратының
басшысы*